



ӨНДІРІС ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ – ОРТАҚ МІНДЕТ

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
басшылығы Қаламқас және Жетібай
кен орындарының еңбек
ұжымдарымен кездесті.**

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да еңбек ұжымымен ашық пікір алмасу, өндірістің тынысын тыңдау және алдағы міндеттерді ортақ талқылау дәстүрі қалыптасқан. Бұл кездесулер өндірістік көрсеткіштерді саралап қана қоймай, еңбек адамының ұсыныс-пікірін тыңдап, компанияның даму бағыттарын бірге айқындауға мүмкіндік береді.

Осы дәстүр аясында Қаламқас және Жетібай кен орындарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасының еңбек ұжымдарымен 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша есептік кездесулері өтті. Жиындарға Бас директордың бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетов бастаған компания басшылығы қатысты.

Қаламқас кен орнының спорт кешенінде және Жетібай кен орнындағы №6 асхана ғимаратында өткен кездесулер барысында жыл басынан бері атқарылған жұмыстар сараланып, өндірістің алдағы кезеңіне арналған міндеттер айқындалды.

Қаламқас пен Жетібай – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның өндірістік әлеуетін қалыптастырып отырған

негізгі кен орындарының қатарында. Екі өндірістік басқармада да еңбек ететін мұнайшылардың күнделікті еңбегі компанияның тұрақты жұмыс ырғағын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Кездесулер барысында өндіріс көлемін тұрақты сақтау, өндірістік нысандарды жаңғырту, заманауи технологияларды енгізу, энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфрақұрылымды жаңарту бағытындағы жұмыстардың барысы сөз болды. Әсіресе өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін жобаларды сапалы әрі уақытылы жүзеге асырудың маңыздылығы атап өтілді.

Өзекті мәселелердің бірі – өндірістік қауіпсіздік. Басшылық тарапынан қауіпсіздік талаптарын сақтау әрбір қызметкердің күнделікті жұмысындағы басты қағида болуы тиіс екені айтылды. Өйткені мұнай өндірісіндегі ең басты құндылық – өндірілген мұнай көлемі немесе техникалық көрсеткіштер ғана емес, ең алдымен адамның өмірі мен денсаулығы.



Сонымен қатар кен орындарындағы еңбеккерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат берілді. Жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен қолайлылығын арттыру, өндірістік нысандарды жаңарту, қызметкерлерге қажетті тұрмыстық жағдай жасау мәселелері компания басшылығының тұрақты назарында екені атап өтілді.

Кездесулердің басты ерекшелігі – еңбек ұжымдарының пікіріне басымдық берілуі. Өндірістің бел ортасында жүрген мұнайшылар өздерін толғандырған мәселелер мен ұсыныстарын ортаға салып, басшылық тарапынан жауаптар алды. Мұндай ашық диалог өндірістегі нақты мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

«Маңғыстаумұнайгаздың» жетістігі – бір ғана құрылымның немесе жекелеген басшылардың еңбегі емес. Оның артында өндірістің әр буынында өз міндетін жауапкершілікпен атқарып жүрген мыңдаған еңбек адамы тұр. Сондықтан еңбек ұжымымен тікелей жүздесу – өндірістің нақты ахуалын бағалаудың, өзекті мәселелерді бірге шешудің және ортақ мақсатқа жұмылудың маңызды тетігі.

Өндірістік мәселелермен қатар, ел өміріндегі маңызды қоғамдық жұмыстар да назардан тыс қалмады.

Болат Сүлейменұлы Сейтмағанбетов мұнайшыларды 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауына белсенді қатысуға шақырды.

Компания басшысы, сайлау – әр азаматтың өзінің азаматтық ұстанымын білдіруге мүмкіндік беретін маңызды қоғамдық үдеріс екенін айта отырып, еңбеккерлерді өз азаматтық құқықтарын пайдаланып, сайлау күні белсенді болуға шақырды.

Сонымен қатар әр азаматтың таңдауы еркін әрі дербес болуы тиіс екені атап өтілді. Ел өміріндегі маңызды қоғамдық үдерістерге бейжай қарамай, өз азаматтық құқығын пайдалану – қоғам алдындағы жауапкершіліктің бір көрінісі.

Бұл кездесулер еңбек адамы мен басшылық арасындағы ашық диалогтың маңызын тағы бір мәрте көрсетті. Өндірістің тұрақтылығы, қауіпсіз еңбек және әлеуметтік жағдайдың жақсаруы – өзара сабақтас міндеттер.

Ал бұл міндеттерді нәтижелі орындаудың негізгі күші – тәжірибелі маман, білікті жұмысшы және ортақ мақсатқа жұмылған ұйымшыл ұжым.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ВИЦЕ-МИНИСТРІ ЖЕТІБАЙ КЕН ОРНЫНДА

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министрі Ерболат Садырбаев Маңғыстау облысына жұмыс сапары аясында Жетібай кен орнында болды.



Жұмыс сапары кәсіпорынның өндірістік қызметімен танысудан басталды. «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының басшылығы негізгі өндірістік көрсеткіштер, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету бағытында жүзеге асырылып жатқан шаралар туралы баяндады.

Одан кейін вице-министр Жетібай кен орнын алғаш ашқан геологтарға арналған ескерткішке барып, мұнай-газ саласы ардагерлерінің отандық мұнай-газ өнеркәсібін дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті. Сондай-ақ Ерболат Садырбаев кен орнын игеру тарихын, бірнеше буын мұнайшылардың еңбек жетістіктері мен кәсіпорынның даму кезеңдерін көрсететін Еңбек даңқы музейінің экспозициясымен танысты.

Жұмыс сапарының қорытындысында вице-министр оқу-жаттығу полигонында болды. Онда «Өрттің шығуымен қатар жүретін ұңғыманың ашық фонтандауын жою» тақырыбында кешенді оқу-жаттығу өткізілді. Оқу-жаттығу барысында авариялық-құтқару бөлімшелері мен мамандандырылған қызметтердің шартты төтенше жағдайды оқшаулау және жою жөніндегі іс-қимылдары пысықталды.

Вице-министр оқу-жаттығудың дайындық деңгейін оң бағалады, барлық жұмылдырылған бөлімшелердің үйлесімді іс-қимылын атап өтті. Сонымен қатар ол өндірістік нысандардағы қауіпсіздік әрдайым басты басымдық болып қала беретінін ерекше атап өтті.

ОРТАҚ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ – ЖОҒАРЫ МАРАПАТ!

Өндірістік қауіпсіздік – бұл жай ғана талаптар жиынтығы емес. Бұл – әр қызметкердің амандығы, әр отбасының тыныштығы, әріптестердің бір-біріне деген жауапкершілігі мен ортақ құндылығы.

Астана қаласында өткен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі комитетінің кеңейтілген отырысына «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ атынан Бас директордың бірінші орынбасары Болат Сүлейменұлы Сетмағанбетов және Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары Бауыржан Бергенұлы Ләтіп қатысты.

Алқалы жиында Болат Сүлейменұлы 2026 жылдың I-жарты-жылдығының қорытындысы бойынша Қоғамда өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Іс-шара барысында Бауыржан Бергенұлы Ләтіп «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Өндірістік қауіпсіздік комитетінің «Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» марапатына ие болды.

«Бұл марапат – бір ғана маманның жетістігі емес. Бұл – өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заманауи талаптарды енгізуге атсалысып жүрген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы мен барша еңбек ұжымының ортақ еңбегіне берілген жоғары баға. Күн сайын өндірісте қауіпсіз еңбек ету үшін аянбай қызмет етіп жүрген әрбір қызметкердің үлесі осы марапатың мәнін арттыра түседі.

Біздің компания үшін ең үлкен жетістік – жоспардың орындалуы ғана емес, әр мұнайшының жұмыстан өз



отбасына аман-есен оралуы. Осы жолдағы жүйелі жұмысымыздың жоғары деңгейде бағалануы – баршамыз үшін үлкен мақтаныш әрі жаңа белестерге бастайтын жауапкершілік» - деді Бауыржан Бергенұлы.

Әріптесімізді лайықты марапатымен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл жетістік ұжымымыздың жаңа белестерге жетуіне шабыт беріп, өндірістік қауіпсіздік саласындағы ортақ мақсаттарымызға жетелей берсін!

Қауіпсіздік – әрқайсымыздан басталады, ал жетістік – бірлігіміздің нәтижесі!

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кен орнында өндірістік жиын өткізіп, компанияның ұзақ мерзімді даму перспективаларын талқылады.

Осы бағыттағы жұмыстарды саралау мақсатында Жетібайда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығының қатысуымен өндірістік жиын өтті. Кездесуде компания кен орындарын дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясын іске асыру, ресурстық базаны кеңейту және өндірістің тиімділігін арттыру мәселелері кеңінен қаралды.

Жиында мұнай-газ саласының келешегі ең алдымен сенімді ресурстық базаға байланысты екені атап өтілді. Осыған орай «Маңғыстаумұнайгаз» үшін маңызды бағыттардың бірі – жиынтық геологиялық қоры 20 млн тоннадан асатын спутниктік кен орындарын игеру.

Компанияның геологиялық барлау жұмыстарын дамыту тұжырымдамасы мен 2032 жылға дейінгі жол картасы осы міндеттерді кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағытталған. Құжаттарға сәйкес алты спутниктік кен орнында 3D-сейсмикалық зерттеулер жүргізу, бағалау ұңғымаларын бұрғылау, заманауи геологиялық модельдер әзірлеу жоспарланған.

Сонымен қатар Қаламқас, Жетібай және Оңтүстік Жетібай кен орындарының игеріліп жатқан аумақтарын кеңейту көзделуде. Бұл – қолданыстағы өндірістік әлеуетті барынша тиімді пайдаланып, мұнай өндірудің жаңа мүмкіндіктерін ашуға бағытталған маңызды қадам.

Іздеу-барлау жұмыстарының ауқымы мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта терең орналасқан триас-палеозой шөгінділеріне іздеу-барлау жұмыстары жүргізіліп, Оңтүстік Маңғышлақ пен Үстірт-Бозашы мұнай-газ алаптарындағы жаңа перспективалы учаскелер зерттелмек. Яғни бүгінгі барлау жұмыстары – компанияның ертеңгі өндірістік қуатының негізін қалыптастыратын стратегиялық бағыт.

Кен орындарының табиғи қорын тиімді игерумен қатар, мұнай өндіру коэффициентін арттыру да күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі. Бұл бағытта қабатқа су айдауды басқару жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударылууда.

Жаңа ұңғымаларды бұрғылау мүмкіндіктерін бағалау, геологиялық-техникалық іс-шараларды дұрыс таңдау және кен орындарын пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында жасанды интеллект негізіндегі ABAI ақпараттық жүйесі қолданылууда.

Бұл – дәстүрлі өндірістік тәжірибені заманауи цифрлық шешімдермен ұштастырудың нақты көрінісі. Жасанды интеллектіні өндірістік процестерге енгізу арқылы ауқымды деректерді талдау, ұңғымалардың әлеуетін бағалау және тиімді технологиялық шешімдерді жедел қабылдау мүмкіндігі арта түседі.

Өндірістің цифрлық трансформациясы мұнайшының еңбегін алмас-



тыруды емес, оның кәсіби мүмкіндігін кеңейтуді көздейді. Технология мен адам тәжірибесі үйлескен жағдайда ғана күрделі кен орындарын тиімді игерудің жаңа деңгейіне көтерілуге мүмкіндік бар.

Жиында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығына ресурстық базаны толықтыруға және өндірістік процестерді цифрлық трансформациялауға бағытталған стратегиялық бастамалардың сапалы әрі жүйелі іске асырылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Сонымен қатар компания алдына еңбек ұжымының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын одан әрі жақсартуға қатысты нақты міндеттер қойылды.

Бұл талаптың астарында маңызды ұстаным жатыр. Өндірістің тұрақты

дамуы тек жаңа технология мен өндірістік көрсеткіштерден тұрмайды. Оның өзегінде – еңбек адамы. Мұнайшының қауіпсіздігі, тұрмыстық жағдайы, кәсіби дамуы мен еңбек етуге қолайлы ортасы компанияның стратегиялық дамуымен қатар жүруі тиіс.

Бүгінгі жиын «Маңғыстаумұнайгаздың» алдында тұрған міндеттердің ауқымды екенін көрсетті. Бір жағынан – жаңа қорларды іздеу, екінші жағынан – қолданыстағы кен орындарының қайтарымын арттыру, үшінші жағынан – цифрлық технологияларды өндірістің барлық буынына тиімді енгізу.

Бұл бағыттардың барлығы бір мақсатқа тоғысады: Маңғыстау мұнайының өндірістік әлеуетін сақтап қана қоймай, оны болашақ ұрпақ үшін жаңа технологиялар мен тиімді басқару негізінде дамыту.

ЖЕТІБАЙ КЕН ОРНЫ ЖАҢА ҚУАТ КӨЗІМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Жетібай кен орнында қуаттылығы 31 МВт болатын газ-поршеньді электр станциясында (ГПЭС) сынақ жұмыстары басталды. Жаңа нысан кен орнын меншікті электр энергиясымен қамтамасыз етіп, өндірістік үдерістердің сенімділігі мен тұрақтылығын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған жоба «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен «CNLC International Kazakhstan Inc» ЖШС және VPOWER HOLDINGS (SINGAPORE) консорциумы арасында жасалған ұзақ мерзімді келісім аясында жүзеге асырылды.

Қазіргі таңда станция сынақ режимінде жұмыс істеп тұр. Биылғы жылдың қазан айында оны толық жобалық қуатына шығару жоспарланған.

Газ-поршеньді электр станциясының басты ерекшелігі – отын ретінде кен орнында өндірілетін ілеспе мұнай газын пайдалануы. Станцияның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін жыл сайын 58,377 млн текше метр ілеспе мұнай газын пайдалану көзделген. Нәтижесінде жылына 226,314 млн кВт/сағат электр энергиясын өндіру жоспарланып отыр.

Жаңа станцияның іске қосылуы сыртқы электр желілеріндегі үзілістерден туындайтын тәуекелдерді айтарлықтай азайтып, Жетібай кен орнындағы мұнай мен газ өндіру нысандарының үздіксіз әрі тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді.

Жобаның экономикалық тиімділігі де жоғары. Алдын ала есеп бойынша, газ-поршеньді электр станциясын пайдаланудың нәтижесінде жыл сайын

2 миллиард теңгеден астам қаржы үнемделеді.

Газ-поршеньді электр станциясының іске қосылуы – өндірістің тиімділігін арттыруға, ілеспе мұнай газын ұтымды пайдалануға және заманауи технологияларды өндіріске енгізуге бағытталған маңызды жобалардың бірі. Бұл бастама кәсіпорынның энергетикалық тәуелсіздігін күшейтіп, өндірістің тұрақты дамуына тың серпін береді.



КӨШБАСШЫЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ: «МҰНАЙЫМ» КЛУБЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМДА

Энергетика саласы ұзақ жылдар бойы ер азаматтардың кәсіби ретінде қабылданып келді. Алайда уақыт өзгеріп, өндірістегі жаңа технологиялар мен басқару мәдениетінің дамуы әйелдердің де бұл саладағы рөлін айқын көрсетті. Бүгінде мұнай-газ саласында басшы ретінде еңбек етіп жүрген әйелдердің қатары артып келеді. Олар өндірістің дамуына өз үлесін қосып қана қоймай, жаңа идеялар мен заманауи көзқарастың қозғаушы күшіне айналып отыр.



Осындай игі бастамаларды қолдау мақсатында Астана қаласында «Интергаз Орталық Азия» АҚ жанындағы «UMAI Gas» әйелдер клубының ұйымдастыруымен «Дағдылар. Мүмкіндіктер. Көшбасшылық» атты алғашқы республикалық форум өтті. Форумға Қазақстанның түкпір-түкпірінен мұнай-газ, энергетика және білім беру ұйымдарының 170-тен астам өкілі жиналды.

Ауқымды жиынға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ атынан компания жанындағы «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клуб мүшелері – «Қаламқас-мұнайгаз» және «Жетібаймұнайгаз»

өндірістік басқармалары мен бас кеңсе қызметкерлері қатысты.

Форумның басты тақырыбы – цифрлық дәуірдегі жаңа дағдыларды қалыптастыру, жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және әйелдердің көшбасшылық әлеуетін дамыту болды. Қатысушылар алдағы онжылдықтардағы жаһандық еңбек нарығындағы өзгерістерді, цифрлық трансформацияның өндіріске әсерін, үздіксіз білім алудың маңызын және корпоративтік ортадағы әйелдердің орны туралы өзекті мәселелерді талқылады.

Форум барысында халықаралық және отандық сарапшылардың баяндамалары ұсынылып, жасанды интеллектті күнделікті жұмысқа енгізу жолдары бойынша практикалық шеберлік сабақтары өткізілді.

Компания атынан спикер ретінде сөз сөйлеген «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубының төрайымы Шолпан Ілмұханбетова «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да өндірісті цифрландыру және жасанды интеллект элементтерін өндірістік үдерістерге енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды.

Сондай-ақ «Жеке AI-агент – миф пе, әлде нақты цифрлық көмекші ме?» атты тәжірибелік сессия ерекше қызығушылық тудырды. Онда жұмыс



өнімділігін арттыруға арналған заманауи цифрлық құралдар мен жасанды интеллект негізіндегі сервистердің мүмкіндіктері таныстырылып, оларды өндірістік ортада қолдану жолдары көрсетілді.

Шарада «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» мен «QazaqGaz» ғылыми-техникалық орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға салтанатты қол қойылды.

Форум тек кәсіби пікір алмасу алаңы ғана емес, рухани танымға да жол ашты. Бағдарлама аясында қатысушылар Астана қаласы маңындағы «АЛЖИР» саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу музей-мемориалдық кешеніне барып, тарихи экскурсияға қатысты. Бұл тағылымды сапар ел тарихының ауыр кезеңдерін еске алып, өткеннен сабақ алудың маңызын тағы бір мәрте сезінуге мүмкіндік берді.

Айта кету керек, «Интергаз Орталық Азия» АҚ жүйесінде әйелдер қызметкерлер ұжымның шамамен 10 пайызын құрайды. Олардың кәсіби дамуын қолдау мақсатында құрылған

«UMAI Gas» әйелдер клубына биыл екі жыл толып отыр. Биылғы республикалық форум – клуб тарихындағы алғашқы ірі басқосу.

Ал «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жанындағы «Мұнайым» әйелдер энергетикалық клубына биыл үш жыл. Бүгінде компанияда 600-ден астам әйел еңбек етеді. Олар өндіріс, геология, цифрландыру, экономика, еңбек қауіпсіздігі, әлеуметтік сала және басқару бағыттарында табысты қызмет атқарып, кәсіпорынның тұрақты дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Осындай форумдар түрлі компанияларда еңбек ететін әйел мамандардың кәсіби байланысын нығайтып, тәжірибе алмасуына, жаңа білім мен инновациялық технологияларды меңгеруіне кең мүмкіндік береді. Цифрлық дәуірде өндірістің табысы тек технологиямен ғана емес, сол технологияны тиімді қолдана алатын адам капиталымен өлшенеді. Ал білімге ұмтылған, жаңашылдыққа ашық, жауапкершілігі жоғары әйел мамандар – сол өзгерістердің маңызды қозғаушы күші.





МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

КЕШЕГІ КҮН – БҮГІНГІ ТАРИХ

Маңғыстау мұнайына – 65 жыл, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-на – 60 жыл

Биыл – Маңғыстау мұнайының мерейі үстем, тарихы таразыланатын тағылымды жыл. Қазақ елінің мұнайлы шежіресіне алтын әріппен жазылған Маңғыстау мұнайының 65 жылдығы мен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 60 жылдығы – уақыт белесі ғана емес, еңбек пен елдікке қойылған ескерткіш.

Қаратаудың қатпарынан Каспийдің жағасына дейін созылған сайын даланы өндірістің думанына бөлеген осы тарихтың әр бетінде маңдай тер, табанды еңбек, өлкенің ертеңіне деген сенім жатыр. Кешегі боз далада бой көтерген кен орындары мен өндіріс ошақтары бүгінде тәуелсіз Қазақстанның экономикалық қуатын айқындайтын іргелі тірекке айналды.

Бұл – жер қойнауының байлығы ғана емес, адам еңбегінің қадірін де әлемге танытқан буындардың тарихы. Талай қиындықты еңсеріп, өндірістің көшін түзеген ардагер мұнайшылардың адал еңбегі мен өмір жолы – бүгінгі ұрпақ үшін сарқылмас өнеге, ертеңге аманат.

Осы мерейтойларға орай «Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы архив қорында сақталған тарихи құжаттарды, сирек фотосуреттерді және өндіріс шежіресіне қатысты құнды деректерді жариялауды қолға алды. Өткенді ұлықтау – тарихқа тағзым ғана емес, ерлікке толы еңбек жолын кейінгі буынның санасына сіңіріп, ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын игі іс.

Москва 89/0062 27 слов
принято 22/II-72г. 13 час. 40 мин.

ПРАВительСТВЕННАЯ ТЕЛЕГРАММА

НГДУ «ЖЕТІБАЙНЕФТЬ» тов. Джуламанову К.Д.

Поздравляю коллектив НГДУ
с досрочным выходом суточного
уровня добычи нефти 10000 тонн
Внимательно следим за
Вашей работой.
Желаем дальнейших успехов!

Зам. Министра Мингареев

Принято 22/II-72г. в 7-00 час. вечера местного времени.

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



Кенес Джуламанов более десяти лет возглавлял коллектив НГДУ /после С.Нуржанова и А.Дергачева. Затем он был выдвинут на должность главного инженера ОМН. В сентябре 1987 года он стал начальником НГДУ «Каражаностермнефть», заменив Л.Киньнова перешедшего в НГДУ «Комсомольскнефть».


На снимке: рядом с К.Джуламановым начальник ЦИТС У.Тажигалиев.



Месторождение Асар один из отдаленных участков второго промысла. Здесь впервые в системе объединения внедрено новшество: установки предварительного оброса воды. Сто с лишним скважин дают ежедневно более 800 тонн чистой нефти. На снимке: начальник промысла Нугман «Скарбеков» и мастер Тулесай Асугалиев.



Большую помощь геологоразведчикам и нефтяникам Жетібайская оказали автотранспортники. На снимке: водитель Жетібайского автотранспортного управления, Герой Социалистического Труда Тайыш Казыбеков. /1974 год/.



В первые годы геологическую службу возглавлял Бекен Алиев. Под его руководством геологи многое сделали для того, чтобы разработка велась грамотно, с соблюдением технологической дисциплины.



Несисели Есенгалиева одна из лучших операторов Жетібайской. Будучи депутатом областного Совета она многое сделала для выполнения наказов избирателей.



Трудовой стаж оператора Жолкен Байжауыной четверть века. Из них 20 лет она работает в Жетібайе. Здесь же трудятся ее сын и дочь.



В летопись освоения нефтяных богатств полуострова яркие страницы вписали труженики прославленной Жетібайской нефтеразведочной экспедиции. На снимке: в центре – «автор» первого Жетібайского фонтана, буровой мастер Николай Петров. Он и поныне трудится инженером в комплексной экспедиции МНПР. Справа – один из первопроходцев Мангышлака, начальник Жетібайской нефтеразведочной экспедиции Асасай Лисметов. /1965 год/.



Группа молодых специалистов НГДУ «Жетібайнефть» /1972 год/.



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

САЛАУАТТЫ САНА – САНАЛЫ ҚОҒАМ

29 шілде күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның Қаламқас кен орнында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «Салауатты сана» жобасы аясында ақпараттық-түсіндіру кездесуі өтті.

Іс-шараға Маңғыстау облыстық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасы, «Қоғамдық келісім» КММ, Облыстық Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілдері, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының басшылығы, кәсіподақ ұйымы, қызметкерлер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Кездесуді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Мақсат Көмекұлы Нұрғабылов ашса, модераторлық міндетті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жұртшылықпен байланыс бөлімінің бастығы Сайын Сүлейменұлы Галидуллин атқарды.

Жиын барысында спикерлер қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – нашакорлықтың, лудоманияның, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың, буллингтің және ысырапшылдықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар туралы кеңінен баяндады. Сонымен қатар жастар тәрбиесі, отбасы институтын нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және қоғамдық жауапкершілікті арттыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Ашық пікір алмасу форматында өткен басқосуда мұнайшылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерімен бөлісті. Қаламқас мұнайшылары қонақтарға мазмұнды әрі тағылымды кездесуі үшін алғыстарын білдіріп, мұндай кездесулердің ұжымда салауатты өмір салтын насихаттауға және қоғамдағы маңызды мәселелерге деген жауапкершілікті арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы қоғамның тұрақты дамуы мен отбасы құндылықтарын нығайтуға бағытталған бастамаларды әрдайым қолдайды.



АЙБАТҚА АРТЫЛҒАН АМАНАТ

Мұнай өндірісі – алып технологиялардың ғана емес, өз ісіне адал, маңдай терімен еңбек етіп жүрген жандардың арқасында дамып келе жатқан сала. Сондай азаматтардың бірі – «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының қабат қысымын ұстау цехында машинист болып еңбек ететін Айбат Батырбаев.



Айбат Батырбаев 1967 жылы Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданының Таушық ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1985 жылы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ оператор болып бастап, туған өлкесінің өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.

Қазіргі таңда Жетібай кен орнында сегіз БКНС жұмыс жасап тұр. Оның негізгі міндеті – жер астына су айдау арқылы қабат қысымын тұрақты ұстап, мұнай өндірудің тиімділігін арттыру. Бұл – өндірістегі аса жауапты әрі маңызды жұмыстардың бірі.

«Жастайымнан өндірісте жүрмін. Алғаш еңбек жолымды бастаған кезде бүгінгідей жағдай болған жоқ. Құрал-жабдықтар да, блоктар да ескі еді. Соған қарамастан бар күшімізді салып еңбек еттік. Қазір өндіріс жаңарып, жұмыс жағдайы әлдеқайда жақсарды. Заманауи технологиялардың енгізілуі жұмысты жеңілдетіп, қауіпсіздігін арттырды», – дейді Айбат Батырбаев.

Жылдар бойы жинаған тәжірибесі мен кәсібіне деген адалдығы әріптестеріне үлгі.

Ұқыптылық, тәртіп пен жауапкершілік – оның күнделікті жұмысынан айқын көрінетін қасиеттер.

Айбат Батырбаев – тек білікті маман ғана емес, өнегелі әке әрі ардақты ата. Үш баланы тәрбиелеп өсірген ол бүгінде немерелерінің қызығын көріп отырған бақытты жан.

Өзінің саналы ғұмырын мұнай саласына арнаған Айбат Батырбаев еңбек етіп жүрген ұжымына және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына ризашылығын білдіреді.

«Еңбек еткен адамға әрқашан құрмет көрсетіліп, жағдай жасалып келеді. Осы жылдар ішінде әріптестеріме және «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясына алғысым шексіз. Ең бастысы – адал еңбек етіп, ел игілігіне қызмет ету», – дейді ол.

Көзге көп көріне бермейтін осындай еңбек адамдарының қажырлы еңбегінің арқасында мұнай өндірісі бір сәтке де тоқтамайды. Олар – ел экономикасының дамуына үнсіз үлес қосып жүрген нағыз еңбек адамдары.

ЖАСТАР – САЛАНЫҢ ЖАҢА КӨШБАСШЫЛАРЫ

Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның OiLeaders бағдарламасы аясында жастар форумы өтті. Екі күнге созылған жиынға еліміздің мұнай-газ саласындағы компаниялардан іріктелген 200 жас маман қатысып, кәсіби білімін жетілдіріп, заманауи технологиялар мен көшбасшылық дағдыларын меңгерді. Олардың қатарында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның жас мамандары да болды.

Жастардың кәсіби әлеуетін арттырып, олардың арасынан саланың жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыру мақсатында іске қосылған OiLeaders бағдарламасына биыл 435 жас маман өтінім берген. Іріктеуден өткен 200 қатысушы форум барысында жасанды интеллект, коммуникация, көшбасшылық және зияткерлік әлеуетті дамыту бағыттарында тренингтер мен практикалық сабақтарға қатысты. Сонымен қатар Vibe Coding және ЖИ-агенттерді әзірлеу бойынша оқулар өтті.

Форумда сөз сөйлеген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов бүгінде ҚМГ компаниялар тобында 15 мыңнан астам жас маман еңбек етіп жатқанын атап өтті.

«Жақында іске қосылған OiLeaders бағдарламасы жаңа идеялар ұсынуға және өз еңбегімен саланың дамуына үлес қосуға қабілетті мұнай-газ секторындағы көшбасшылардың жаңа буынын даярлауға бағытталған», – деді ҚМГ басшысы.

Форумның ерекшелігі – қатысушылардың алған білімін практикалық



тапсырмалар арқылы көрсетуі. Екі күн бойы олардың белсенділігі, бастамашылдығы мен нәтижелері бағаланып, қорытындысында үздік 100 жас маман ҚазМұнайГаздың жас көшбасшылары қатарына еніп, оқуын жалғастыру мүмкіндігіне ие болады.

Форумға «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның жас мамандарының қатысуы компания жастарының кәсіби дамуға, жаңа білім мен заманауи технологияларды меңгеруге деген ұмтылысын көрсетеді.

Бүгінгі мұнайшыға өндірістік біліммен қатар цифрлық технологияларды меңгеру, жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану, тиімді коммуникация құру және командамен жұмыс істей білу секілді жаңа дағдылар қажет. Осы тұрғыдан алғанда, OiLeaders

форумы Маңғыстау мұнайының жас мамандары үшін тәжірибе алмасып, жаңа идеяларға серпін алған маңызды алаң болды.

Өнегелі де даңқты тарихы бар Маңғыстау мұнайының дәстүрін бүгінгі жас буын жалғастырып келеді. Олардың республикалық деңгейдегі кәсіби даму алаңдарына қатысуы – жеке мамандардың ғана емес, тұтас компанияның адами капиталының әлеуетін арттыратын маңызды қадам.

Жаңа технология, жаңа білім және жаңа көзқарас. Астанадағы жастар форумы осы үш бағытты тоғыстырып, мұнай-газ саласының болашағы – білімді, ізденімпаз әрі өзгерістерге бейім жастардың қолында екенін тағы бір мәрте көрсетті.



КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК – ЕҢБЕК АБЫРОЙЫНЫҢ ӨЛШЕМІ

«Үздік маман-2026» байқауы білікті де жауапты жүргізушілердің кәсіби шеберлігін саралады.

Еңбек адамының абыройы – оның өз ісіне деген жауапкершілігімен, кәсіби білімімен және маңдай терімен өлшенеді. Қай салада болмасын, өз мамандығын жетік меңгерген, жұмысына адал әрі жауапкершілікпен қарайтын мамандар – өндірістің тұрақты дамуының берік негізі.

Осы орайда 2026 жылғы 12 тамызда «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС қызметкерлері арасында дәстүрлі «Үздік маман-2026» кәсіби шеберлік байқауы өтті. Өндірістегі білікті мамандардың басын қосқан бұл шара еңбек адамын дәріптеп, кәсіби шеберлікті шыңдауға, тәжірибе алмасуға және үздіктерді анықтауға бағытталды.

Байқаудың негізгі мақсаты – қызметкерлердің кәсіби білімі мен тәжірибесін саралау, өз мамандығына деген қызығушылығы мен жауапкершілігін арттыру, білікті мамандарды анықтау және олардың кәсіби тұрғыдан дамуына қолдау көрсету. Мұндай байқаулардың еңбек ұжымындағы маңызы ерекше. Себебі ол мамандардың күнделікті атқарып жүрген жұмысына жаңаша көзқараспен қарап, өз мүмкіндіктерін сынауына, тәжірибесін жетілдіруіне жол ашады.

Жүргізуші – жауапкершілігі жоғары мамандық. Кәсіби шеберлік байқауында ерекше жауапкершілікті талап ететін «Жүргізуші» номинациясы бойынша үздіктер анықталды. Жүргізуші мамандығы сырт көзге қарапайым көрінгенімен, оның артында үлкен жауапкершілік пен мұқияттылық жатыр.

Өндірістік көлікті сенімді басқару, жол қауіпсіздігін сақтау, көліктің техникалық жағдайына ұқыпты қарау, белгіленген тәртіп пен талаптарды бұлжытпай орындау – жүргізушіге қойылатын басты міндеттердің бірі. Сондықтан бұл салада тәжірибемен қатар, жоғары тәртіп, қырағылық, сабырлық және кәсіби біліктілік аса қажет.

Байқауға қатысқан жүргізушілер өздерінің теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін ортаға салып, кәсіби шеберліктерін танытты. Әр қатысушы үшін бұл дода – тек жүлде үшін талас емес, өз ісіне деген адалдығын тағы бір мәрте дәлелдеуге берілген мүмкіндік болды.

Жарыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

Бірінші орынға 1-автотізбек жүргізушісі Райсов Досан Избасарович ие болып, кәсіби шеберлігінің жоғары деңгейін көрсетті.

Екінші орын 2-автотізбек жүргізушісі Бурабекұлы Өсерге бұйырды.

Ал үшінші орынды 2-автотізбек жүргізушісі Құлмағанбетов Әсет иеленді.

Жеңімпаздардың әрқайсысы өз ісінің қыр-сырын жетік меңгерген, өндірістік міндеттерді орындауға жауапкершілікпен қарайтын тәжірибелі мамандар ретінде танылып отыр.

Еңбекке құрмет – елге құрмет. Байқау соңында мекеме басшылығы мен кәсіподақ төрағасы қатысушыларды құттықтап, олардың еңбегіне жоғары баға берді. Сонымен қатар қызметкерлердің кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп, өз міндеттерін сапалы



әрі жауапкершілікпен атқарып жүргендері үшін алғыс білдірді.

Жиын барысында өндірістегі еңбек тәртібін сақтау, ұқыптылық пен жауапкершілікті арттырудың маңыздылығы да атап өтілді. Өйткені кәсіби шеберлік тек білім мен тәжірибеден ғана тұрмайды. Ол – күнделікті еңбекке деген адалдықтың, өз ісіне деген құрметтің және үлкен жауапкершіліктің көрінісі.

«Үздік маман-2026» байқауы еңбек ұжымындағы кәсіби бәсекелестікті арттырып қана қоймай, қызметкерлерді жаңа белестерге ұмтылуға жігерлендірді. Мұндай игі бастамалар өндірістегі үздіктерді ұлықтап, кейінгі буынға үлгі боларлық еңбек дәстүрлерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Еңбек жолында талмай ізденіп, кәсіби біліктілігін арттырып жүрген әр маманның еңбегі – құрметке лайық. Себебі өндірістің жетістігі – ең алдымен, өз ісіне берілген, жауапкершілікті сезінетін және еңбегін ел игілігіне бағыттайтын азаматтардың табанды еңбегінің нәтижесі.

«Үздік маман-2026» байқауының жеңімпаздары мен барлық қатысушыларын құттықтай отырып, алдағы еңбек жолдарына толағай табыс тілейміз! Кәсіби шеберліктеріңіз артып, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер. Өндірістегі әрбір игі іс жаңа жетістіктерге бастай бергей!

«Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Адамды кейде атқарған қызметі емес, сол қызметке деген адалдығы танытады. Бақтыбай Дүзбаевтың еңбек жолына қарағанда, ең алдымен көзге түсетіні – оның өз ісіне деген жауапкершілігі мен тұрақтылығы. Ол ұзақ жылғы адал еңбегімен әріптестерінің құрметіне бөленіп, өз ісіне деген адалдығымен көпшілікке үлгі болды.

1963 жылы дүниеге келген Бақтыбай Дүзбаев өмірінің басым бөлігін маңдай терімен еңбек етуге арнады. Ол 2004 жылдан бері «Oil Construction Company» ЖШС Жетібайдың құрылыс-құрастыру қызметінде электр-газбен дәнекерлеуші болып қызмет атқарды. Бұл мамандық үлкен төзімділікті, дәлдікті және кәсіби шеберлікті қажет етеді.

Бақтыбай аға үшін дәнекерлеу – жай ғана жұмыс емес, үлкен жауапкершілік.

«Жұмыс жасап жатқанда ештеңеге алаңдауға болмайды. Дәнекерлеп тұрған сәт құлшылықпен бірдей. Бар ойың жұмыста болуы керек», – дейді ол.

Бұл сөздер оның өз ісіне деген құрметін, еңбекке деген адалдығын айқын көрсетеді.

Әсіресе, Маңғыстаудың қаһарлы қысы мен сақылдаған аязы кезінде құбыр дәнекерлеу оңай шаруа емес. Қарлы боранда, үскірік желде де жұмыстың тоқтамауы үшін еңбек еткен дәнекерлеушілердің қатарында



Бақтыбай аға да талай қиындықты еңсерді. Бірақ ол ешқашан ауырлыққа шағымданған емес.

«Еңбек ету керек ерінбей. Еш өкпем жоқ. Жұмыс істедім, еңбектің нанын жедім. Басшылыққа да, бірге жұмыс жасаған әріптестеріме де алғысымды айтамын. Ұлық болсаң – кішік бол. Адамдар бір-бірімен тату болуы керек», – дейді ол.

Осы бір қарапайым сөздердің өзінен өмірлік тәжірибе, парасат пен адамгершілік сезіледі. Еңбек жолында жинаған байлығы – марапаттар ғана емес, әріптестерінің құрметі мен кейінгі буынға қалдырған өнегесі.

Жылдар бойы талай өндірістік нысандардың бой көтеруіне үлес қосқан білікті маман енді зейнет демалысына шығып отыр. Алайда ол бұл кезеңді өмірдің аяқталуы емес, жаңа бір жарқын сәттердің бастамасы деп қабылдайды.

«Зейнетке шыққан соң демаламын. Ұл-қыздарымнан тараған немере-

лерді бағып, қызықтаймын. Сол – мен үшін ең үлкен бақыт», – дейді ол күлімсіреп.

Адал еңбекпен өткен ғұмыр – кейінгі ұрпаққа қалатын ең үлкен мұра. Бақтыбай Дүзбаевтың еңбек жолы – кәсібіне адалдықтың, қарапайымдылықтың және елге қызмет етудің жарқын үлгісі.

ОСС Бақтыбай ағаға ұзақ жылғы адал еңбегі үшін шынайы алғысын білдіреді. Еңбек жолында төккен маңдай теріңіз әрдайым құрметке лайық. Зейнет жасында отбасыңыздың ортасында амандықта болып, ұл-қыздарыңыздың, немере-жиендеріңіздің қызығын көріп, деніңізге саулық, көңіліңізге шаттық тілейміз.

Еңбекпен өрілген өміріңіз – кейінгі буынға үлгі, ал адамдық болмысыңыз – әріптестеріңізге өнеге болып қала береді.

«Oil Construction Company» ЖШС



ЗНАНИЯ, КОТОРЫЕ ОБЪЕДИНЯЮТ



ЖАС
МАМАНДАР КЕҢЕСІ
«МАҒЫСТАУМУНАЙГАЗ» АҚ



Нәтижелер	№	Команда	1	2	3	4	5	6	7	Жыын / Итог
	1	GPT-ге дейінгілер	8	7	7	6	5,5	8	15	56,5
	2	Ozimiz	7	8	7	5	6,5	8	13	54,5
	3	Закуп алпамыстары	5	7	7	5	7,5	8	13	52,5
	4	Звезды ДУПИОТ	5	7	6	6	7	8	12	51
	5	Тёмные лошади	5	7	6	5	6,5	7	13	49,5
	6	КБМ	7	8	4	5	4,5	8	12	48,5
	7	Стивул	6	7	2	7	5,5	8	12	47,5
	8	BrentS	5	7	5	5	5,5	8	12	47,5
	9	Біздің Ход	5	6	2	5	7,5	7	10	42,5
	10	МұнайMen	8	7	2	5	7,5	7	6	42
	11	Oil Line	7	8	2	4	6,5	8	6	41,5
	12	Төркелер Микс	5	5	4	4	4,5	7	9	38,5
	13	Jasstars	5	6	2	3	2,5	6	2	26

КИНОКВИЗ
ACTION



Азарт и эрудиция, логика и отличное настроение – именно в такой атмосфере прошел корпоративный квиз, организованный Советом молодых специалистов (СМС) АО «Мангистаумунайгаз».

В интеллектуальном турнире приняли участие команды, представлявшие ПУ «Каламкасмунайгаз», ПУ «Жетыбаймунайгаз», центральный аппарат в г.Актау, а также коллеги из

АО «Каражанбасмунай», ТОО «Мұнай-телеком» и объединенная команда председателей СМС дочерних компаний АО «НК «КазМұнайГаз».

Участники проверили свою эрудицию, логику и находчивость, отвечая на вопросы самых разных тематик: история, спорт, кино, музыка, искусство и т.д. Отдельный тур был посвящен истории Мангистаумской нефти и месторождения Жетыбай. Каждая

команда продемонстрировала не только глубокие знания, но и умение быстро принимать решения, поддерживать друг друга и работать сообща.

В итоге победителем квиза стала команда «GPT-ге дейінгілер», второе место завоевали «Ozimiz», замкнули призовую тройку знатоки из «Закуп алпамыстары».

Победители и призеры интеллектуальных состязаний были награждены памятными дипломами и денежными сертификатами.

Корпоративный квиз подарил участникам яркие эмоции, заряд положительной энергии и множество запоминающихся моментов. Благодарим все команды за активное участие и стремление к победе.



ТРИ ИЗ ТРЕХ — БЕЗ ЕДИНОЙ ОШИБКИ!

Чемпионат мира 2026 года по футболу завершен, а значит пришло время подвести итоги нашего традиционного конкурса «Футбольный бум», организованного газетой «Мұнайлы Өлке» совместно с профкомом АО «Мангистаумунайгаз».

Напомним, участникам предстояло непростое испытание — еще до старта турнира точно предсказать трех будущих призеров чемпионата мира. В общей сложности в редакцию газеты «Мұнайлы Өлке» было прислано 187 купонов с различными вариантами ответов. Большинство любителей

футбола посчитало, что среди победителей обязательно будут Бразилия, Германия, Франция, Нидерланды, которые как известно в призеры не попали.

И только лишь один участник конкурса — инженер по социальным вопросам ПУ «Каламкасмунайгаз» Шынгис Жармаганбетов — сумел точно предсказать итоговую тройку: Испания, Аргентина, Англия!

Сегодня председатель профкома АО «Мангистаумунайгаз» Әсет Кенжеш тепло поздравил победителя конкурса, вручил ему диплом и денежный приз.


В свой очередь сам Шынгис Жармаганбетов, честно признался, что не особо увлекается футболом, а точно предсказать победителей и призеров чемпионата мира ему помогла интуиция.

Мы также поздравляем Шынгиса Жармаганбетова с заслуженной победой и благодарим всех, кто принял участие в конкурсе, следил за матчами, переживал за свои прогнозы и вместе с нами прожил яркие эмоции мирового футбольного праздника.

До новых конкурсов и новых побед!



ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ 2026							
Уважаемые читатели, накануне старта Чемпионата Мира по футболу газета «Мұнайлы Өлке» объявляет о проведении розыгрыша «ФУТБОЛЬНЫЙ БУМ». Условия конкурса простые – нужно угадать всех призеров Чемпионата Мира - 2026 (команды, занявшие первое, второе и третье места), еще одним условием конкурса является обязательная подписка на аккаунты АО «Мангистаумунайгаз» в Facebook, Instagram и Telegram. Победители конкурса ждут призы! Один участник конкурса может подать не более 5 купонов! ПОСЛЕДНИЙ СРОК ПОДАЧИ КУПОНОВ ПО 12 ИЮНЯ (ВКЛЮЧИТЕЛЬНО). Вырежьте купон и принесите (пришлите) в редакцию «Мұнайлы Өлке» по адресу: 6 мкр. эд. АО «Мангистаумунайгаз» (КазНИПИ), 238, 241 кабинеты Телефоны для справок: 211-885, 212-035.	<table border="1"> <tr> <td>1 МЕСТО</td> <td>Испания</td> </tr> <tr> <td>2 МЕСТО</td> <td>Аргентина</td> </tr> <tr> <td>3 МЕСТО</td> <td>Англия</td> </tr> </table> Ф.И.О. Жармаганбетов Шынгис Должность: инженер ПУ «Каламкасмунайгаз» Телефон: 9788 Внимание!!! Принимаются только оригинальные купоны, вырезанные с газеты	1 МЕСТО	Испания	2 МЕСТО	Аргентина	3 МЕСТО	Англия
1 МЕСТО	Испания						
2 МЕСТО	Аргентина						
3 МЕСТО	Англия						



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ
Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева
Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Актау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
кезқарасын білдірмейді
Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютерінде
теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Актау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500